

АБАЙ – ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ ФЕНОМЕН

Е.Б. АБДУВАЛИТОВ,

п.ғ.д., профессор

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті

Ташкент, Өзбекстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15256905>

Биыл халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама хакім, данышпан ақын, ағартушы, ұлттық жаңа әдебиеттің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёевтің «Ұлы ақын, ағартушы, ойшыл, достық пен жақсылық жаршысы Абай Құнанбаевтың есімі, мол мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының, оның ішінде өзбек халқының да жүрегінде өшпестей із қалдырған», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік екендігін айқын аңғартады.

Данышпан ақынның сан қырлы шығармалары тек халқымыздың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алатын шексіз дүниелерімен құнды.

Абай дегенде, абайтану дегенде классик жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімі алдымен аталатыны шындық. Ұлы ойшыл алыбымыз, бас абайтанушы ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1928 жылдың өзінде-ақ «Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз «қазақ» деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен бара-бар болатыны бар» - деп жазады. Шынында да, «Абай» деген сөз – «қазақ» деген сөз. Яғни қазақтың қазақтығын тану Абайды танумен пара-пар. Өйткені, Абай адам баласы үшін бірдей. Үлкенге де, кішіге де, жақсыға да, жаманға да берер қазынасы мол. Тек әркім жеткен жеріне дейін ала алады деген сөз.

Абайдың осыншалықты қадір-қасиетінің, құдіретінің сыры неде? Біз оны қалай танып, қалайша үйренеміз? Бұл, әрине, өте қиын сауал. Оған оп-оңай, қолма-қол жауап бере қою мүмкін емес. Ол жауапты әркім әр заманда өзінше іздеп, өзінше табады.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла – дейді кемеңгердің өзі.

Негізі, Абай терең ойшыл, хакім болған. Сонда хакім деген кім? Бұл сұраққа Абайдың өзі «Сократ Хакім», «Аристотель, Платон Хакім» дейді.



Сосын ол «Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым» дейді. Сонда ол ғалымнан хакімді биік қойып отыр. Абай осы пікірімен бізді қайда сүйреп отыр? Бұдан шығатыны, адам баласы кешірімді болмаса, ешқашан мәселе шешілмейді. Өйткені білмейтін адам кешірмейді. Қатыгез болады. Қазақ айтады ғой «Жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше» дейді. Сондықтан Абай күллі адамзат баласын кешірімді, мейірімді болуға және достасуға шақырды. Міне, Абайдың жұмбағының бір шешімі осы болса керек деп ойлаймыз.

Абайдың бізге қалдырған мұрасын санмен мөлшерлегенде, бас-аяғы бір кітаптың айналасындағы өлең-жырлар мен көлемі шағын болған қара сөздері. Соның өзі Абайдың сан саналы ақыл-ойын, өнер-өрісін жүйелеп тануға мол мүмкіндік береді. Мұның мәнісі – ақын шығармалары бір тылсым дүние, күрделі құбылыс. Олар Абайдың түрлі көңіл күйін, ой-сезімін білдіріп қана қоймай, оның бар табиғатын, тұлғасын да түгел толықтыра аларлық. Осыған байланысты Мұхтар Әуезов 1961 жылы университетте Абайтанудан оқыған арнаулы курста: «Абай бір өзі қазақ сахарасында отырып, академиялық ой ойлай алған данышпан», – деген пікірді айтқан еді. Абайдың өзінен бұрын-соңды көп ақындардан оқшау ерекшелігі – оның өлеңге үлкен дайындықпен саналы түрде келуі, яғни ол өлеңді тек өнер деп қана білмей, оның өзінің ішкі, сыртқы дүниесімен тілдесіп, қарым-қатынас жасайтын өмірлік құралы деп түсінген. Ақын өмірден көрген-білгені, түйгені молайып, толысқан шағында 1886 жылғы «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», деп келетін өлеңінде:

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында, – деп жазады.

Бұл кезеңде Абай өлеңінің, өнердің қоғам өмірінде, халықтың тұрмыс-тіршілігінде алатын орнын терең түсіне білген еді. Оны ақынның өз өлеңдеріндегі ой-пікірлерінен айқын аңғарамыз.

Көркем өнердің адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде алатын орнын қоғамдық қызметін осылайша түсінген Абай, өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, әншінің де естісі бар, есері бар, – деп, өлеңнің өзіндік болмысына, ішкі табиғатына ерекше мән береді. Өлең, өнер қоғам өміріне, оның өсіп-даму жолына қызмет етуі үшін алдымен оның көркемдік қасиетінің жоғары болуы қажеттігін сөз етеді. Сонда Абайдың өлеңдерінде ой басым ба, сезім басым ба? Ақылдылық басым ба, сұлулық басым ба? Әлде бірінен-бірі асып-тасып жатырма? Міне, әңгіме қайда? Абайдың қадір-қасиеті де осында. Абай өлеңдері



тұнып тұрған ақыл-ой, терең философия. Ол өлеңді «ермек үшін», «думан-сауық» үшін жазбай «наданның көзін қойып, көңілін ашу үшін» жазады.

Өмір, қоғам тіршілігі, болмыс өте күрделі құбылыс. Оған бір жақты, жеңіл-желпі қарауға болмайды. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, айналасы теп-тегіс жұмыр өлеңді» өмірдің осы күрделі құбылыстарынан аршып алып, қиыннан қиыстырып жазып алуға болады. Сонда Абай «сөз патшасы – өлеңді» тек сыншыл жүрек қана тудыра алатынын айтып отыр.

Жүрегім менің қырық жамау,

Қиянатшыл дүниеден, – деп жырлаған.

Зерек ақын қырық үшінші қара сөзінде: «Кімде-кім сырттан есітіп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп, бұл харакетке түсінген адамды ақылды адам дейсіз», – деп жазады. Міне, мұнда Абай өлеңін, көркем өнердің өмірге, шындыққа қатысын сөз етіп қана қоймай, философияның негізгі мәселесінің біріне өзіндік көзқарасын да байқатып отыр.

Өркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек,

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек, – деп түсінетін ақын болмыстың, шындықтың адам санасынан тыс объективті өмір сүретінін, адам санасының сол өмір құбылыстарына да сай дамытатынын айтып отыр.

Абай қазақ поэзиясын шынайы мазмұнмен ғана емес, соған лайықты жаңа көркемдік түрмен де байытып, әдебиетке тыңнан кең тынысты жол-жоба салып кеткені белгілі. Мұның мәнісі, алдымен өзіне дейінгі ақындар жырлап келген өлең мен өнерде тұрақты орын алған байырғы мәңгілік тақырыптарды өзінше, жаңа заман ыңғайына орай жаңа қырынан сөз етсе, ерте бастан кеңінен қолданылып жүрген өлең түрлерін де өрнектей түсіп, орын-орнымен керек жерінде қолданып, құлпыра түскен. Айталық, сонау ежелгі ауыз әдебиетіне күні бүгінге дейін толастамай, толысып келе жатқан жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен Абай қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі қиыншылығымен бірге қызықты жаз туралы өлең жазды. Мұнда ақын жан-жануарлардың қаһарлы қыстың ауыртпалығынан арылып, арқа-басы кеңіген ауыл өмірінің сәні мен мәнін, шыншыл көрінісін ашып, жайып салумен қатар, сол «айнала шауып бұлтылдап» жүрген құлын-тай, «жоғары төмен сыңқылдап» жүрген қыз-келіншектер мен «кұжындап» жүрген бозбалаларды суреттеу арқылы сол кезеңнің өзіндік әуенін, көңіл ырғағын дәл ашып бергендей.



Ал байсалды да салмақты он бір буынды қара өлеңмен күз, қыс мезгілдері туралы өлең жазған ақын халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі түнеріп, қаптап келе жатқан сұр бұлттай түсі суық ауыртпалықты, қиыншылықтарды тізіп көрсетіп қана қоймай, соған байланысты шерленіп қайғы ойлап отырған қарияның мұңлы көңілінен де сыр шерткендей болады.

Енді «Қызарып, сұрланып, лүпілдеп жүрегі», деп келетін қазақта бұрын-соңды кездесе бермейтін жана алты буынды өлең үлгісімен Абай өзінен бұрынғы ақындар жете байқата қоймаған «жаныңдағы жапырақта, үстіндегі жұлдыздай елбіреп, қалтырап» тұратын қыз бен жігіттің ғашықтық сезімін жеріне жеткізе суреттейді.

Міне осылайша, мазмұнның өзінен табиғи түр тудырған, өрнекті түрі арқылы біте қайнасқан, қамшының өріміндей жалғасқан жарасымды өлең жазған ақын:

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық орайлы жарасымды.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

деген жолдарымен өзінің осы мазмұн мен түр мәселесіне байланысты көзқарасын айқын танытқандай.

Абайдың қара сөздері болсын, мейлі поэзиялық туындысы болсын, барлығы адамдарды ізгі істерге, жақсылыққа, білім алуға, ынтымақ-бірлікке, адамгершілікке, отансүйгіштікке, қанағат-рақымшылыққа және еңбексүйгіштікке жетелейтіні сөзсіз.

Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Осылайша Абай адам баласының бойындағы жақсы әрі жаман қасиеттерді көрсетіп, айқын ашып береді және өмірдің сан мың қырлы құбылыстарын жете түсіндіреді.

Абайдың өлеңдерін оқып отырсаң, адамдарды, елді, жалпы халықты бірлікке, ынтымаққа, татулыққа және ауызбірлікке шақырады. Бірлік болмай, ынтымақ болмай тірлік болмайтынын анық-айқын ашып береді.



Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды.

Жол да жоқ жарыместі жақсы демек, – деп айтады.

Абайдың қара сөздері де дүниенің тылсым сырын танып білуге, оқу-білімге, адамгершілікке, ар-ұятты болуға шақырады. Он сегізінші қара сөзінде былай дейді.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық», – деп айтады.

Міне бұл айтылғандар, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде» мыңмен, мұңмен жалғыз өзі алыса жүріп, өнер мен ғылымда да жаңа соқпақ, тың сүрлеу салып, жаңа бастау бұлақтардың көзін ашқан ұлы Абайдың әрбір өлең жолы, әрбір жеке сөзінің тылсым мағынасы мен сиқырлы ішке бүгіп жатқан асыл қасиеттерін айқын айғағы болса керек.

Ақынның қай өлеңін алсақ та, қазақ жерінің жұпар иісі, қазақ халқының ұлттық сыр-сипаты, дәстүр тағылымы, сезімді селт еткізе түсетін сырлары, өздеріне тән ерекшеліктерімен орынды көрініс таба білген.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, – деп күллі елге, жұртшылыққа үлгі, өнеге көрсетпекті басты ниет етеді. Бұл ұлы ақынның даналығы мен даралығын, данышпандығын, үнемі адамзатты дұрыс жолға бастап, білім алуға, ғылым үйренуге шақырып, дұрыс бағыт-бағдар сілтеп, күллі жұртшылықты жақсылыққа жетелегенінің өзі мұның жарқын дәлелі сияқты.

Шынында да, ол әрбір жазған өлеңінің сөздеріне аса жауапкершілікпен қарап, оның мән-мағынасын түсінікті етіп, буын санын, ұйқасын, өзара үндесіп келуіне мән беріп отырған. Сондықтан да ол бізге, мәңгілік еңбек, сарқылмас әдеби-көркем мұра жасап, қалдыра алды. Сонымен бірге, оның өлеңдері дүниежүзі халықтарының тіліне аударылды. 2018 жылы Өзбекстан Жазушылар одағының көрнекті өкілдері ұлы Абайдың өздеріне ұнаған жырларын аударып, көлемді жинақ етіп, бізге сыйға тартқан сәтте кеудемізді соншалық мақтаныш керенегені естен кетпейді. Міне, бүкіл түркі халқын әлемдік өркениетке бастайтын темірқазық іспетті ұлы Абайдың асыл сөзі мен мол мұрасы жадымызда мәңгі жасай бермек.



Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
2. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
3. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
4. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
5. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
6. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

